

8D01702 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін шет тілінде даярлаудағы сандық технологиялар» тақырыбындағы орындалған Абдрахманова Самал Туkenовнаның диссертациялық жұмысына ресми рецензент, педагогика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры Менлибекова Гульбахыт Жолдасбековнаның СЫН-ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауымен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға толығымен сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы қаржыландыратын «Жас Ғалым» 2025–2027 жж. ғылыми-зерттеу бағдарламасы аясында іске асырылып жатқан АР25795511 «Педагогтың ашық цифрлық білім беру ортасын жобалау үшін AI негізіндегі интеллектуалды іздеу жүйесінің моделін әзірлеу» жобасының шеңберінде орындалған. Зерттеу тақырыбы бекітілген кезеңдегі ғылым мен білім беруді дамытудың стратегиялық басымдықтарымен толық сәйкес келеді. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін даярлау үдерісінде сандық технологияларды пайдалану мәселесін қарастыру – қазіргі жоғары білім беру саясатының өзекті бағыттарының бірі. Жұмыс мазмұны «Сапалы білім — табысты ұлттың кепілі» ұлттық жобасында (2023–2029), жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында, сондай-ақ цифрлық трансформацияны көздейтін мемлекеттік бағдарламаларда айқындалған мақсаттармен ұштасады. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбы «Қазақстан–2050» ұзақмерзімді стратегиясының негізгі қағидаттарына, ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» (2022) атты Жолдауында айқындалған міндеттерге және білім беру мен сандық технологияларды дамытуға бағытталған салалық тұжырымдамаларға сәйкес келеді.

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған /ашылмаған.	Зерттеу нәтижелері ғылыми білімнің кеңеюіне мәнді үлес қосады, өйткені болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі алғаш рет теориялық, әдістемелік және практикалық қырларынан тұтас түрде қарастырылған. Автор цифрлық құзыреттілікті кезеңдік және мақсатты түрде қалыптастыруға мүмкіндік беретін сандық технологияларды қолданудың авторлық моделін ұсынған және оның тиімді жүзеге асырылуына қажетті педагогикалық шарттарды негіздеп берген. Сонымен бірге, тақырыпқа байланысты негізгі ұғымдарға зерттеуші тарапынан жаңа авторлық түсініктемелер берілген. Зерттеу шеңберінде оқу процесінде пайдалануға бағытталған «Шеттілдік цифрландыру» жаппай ашық онлайн курсы мен «Digital Technologies for English Teachers» электронды оқу құралы дайындалып, тәжірибелік сынақтан өткізілген. Бұл ресурстар болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығын жетілдіруде маңызды қолданбалы мүмкіндікке ие. Жұмыстың теориялық маңыздылығы ағылшын тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығын цифрлық білім беру ортасында дамыту теориясын толықтыра түсетіндігімен сипатталады. Практикалық тұрғыдан алғанда, алынған нәтижелер жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде кеңінен қолдануға жарамды; әзірленген оқу материалдары мен цифрлық өнімдерді педагогикалық жоғары оқу орындарында, ағылшын тілі оқытушыларының біліктілігін арттыру курстарында, сондай-ақ цифрлық педагогикаға қатысты оқу пәндерін әзірлеуде пайдалануға болады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен ғылыми мазмұны жеткілікті дәрежеде ашылған. Ізденуші зерттеу мәселесіне қатысты теориялық негізді жүйелі түрде баяндап, алынған қорытындыларды ғылыми дәлелдермен негіздеген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары;	Диссертацияның құрылымы, ғылыми жаңалығы және алынған

		2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	нәтижелердің тәжірибеге енгізілуі зерттеушінің ғылыми-зерттеу жұмысын дербес орындағанын айқын көрсетеді. Жұмыс барысында ұсынылған теориялық негіздемелер мен тәжірибелік деректер бірізді жүйеленіп, ғылыми тұжырымдар қисынды дәлелдермен бекітілген. Автор зерттеудің барлық кезеңінде – мәселені анықтаудан бастап педагогикалық модельді жасақтауға, тиісті педагогикалық шарттарды айқындауға және нәтижелерді практикалық іске асыруға дейін – зерттеушілік дербестік пен кәсіби ұстанымның жоғары деңгейін танытады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық зерттеу ішкі қисындылығы сақталған, құрылымы жағынан толыққанды ғылыми жұмыс болып табылады. Зерттеудің өзектілігі негізді дәлелдермен айқындалған, ал болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруда заманауи сандық технологияларды тиімді түрде кіріктірудің маңыздылығы нақты көрсетілген. Автор тақырыпты қазіргі білім беру саясаты мен жоғары білімді жаңғырту үрдістеріне сәйкес таңдап, оның ғылыми әрі тәжірибелік негіздерін жүйелі түрде дәлелдеп ұсынады. Жұмыстың құрылымдық бөлімдері арасында мазмұндық және әдіснамалық сабақтастық толық сақталған: теориялық іргетас тәжірибелік-эксперименттік материалдармен қуатталып, алынған нәтижелер зерттеуші әзірлеген «Шеттілдік цифрландыру» жаппай ашық онлайн курсы мен «Digital Technologies for English Teachers» электронды оқу құралы арқылы нақты практикада көрсетілген. Мұның барлығы диссертациялық жұмыстың ішкі тұтастығын, ғылыми идеялардың өзара байланысын және зерттеудің мақсатты бағытталғандығын дәлелдейді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Диссертациялық зерттеудің құрылымы мен мазмұны таңдалған ғылыми мәселені жан-жақты талдауға бағытталған және қойылған мақсаттар мен міндеттерге толықтай

		сәйкес келеді. «Жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін даярлаудағы сандық технологиялар» тақырыбындағы жұмыс мазмұндық бөлімдер арқылы жүйелі түрде ашылып, оның логикалық құрылымы зерттеудің ғылыми бағытын дәл көрсетеді. Екі тараудан тұратын диссертацияда «сандық технологиялар», «цифрлық құзыреттілік», «модель құрастыру», «цифрлық сауаттылық» ұғымдары бірізді түрде талданып, олардың мазмұны жан-жақты негізделген. Кіріспе бөлімде зерттеудің өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, нысаны мен пәні, сондай-ақ әдіснамалық және теориялық іргетасы нақты әрі қисынды түрде тұжырымдалған. Бірінші тарауда «Жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында шетел тілдерін оқытудағы сандық технологиялардың теориялық аспектілері» жүйеленіп, зерттеудің категориялық-ұғымдық базасы және негізгі теориялық ұстанымдары анықталған. Екінші тарау «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруды тәжірибелік-эксперименттік тұрғыдан зерттеу» бөліміне арналған. Мұнда зерттеу жұмысының практикалық кезеңдері жан-жақты сипатталып, автор әзірлеген педагогикалық модель негізінде сандық технологияларды пайдалану арқылы цифрлық құзыреттілікті дамыту жолдары көрсетілген. Сонымен бірге, «Шет тілдік цифрландыру» жаппай ашық онлайн курсы мен «Digital Technologies for English Teachers» электронды оқу құралының мазмұны, құрылымы және қолданылу ерекшеліктері талданған. Қорытынды бөлімде негізгі ғылыми нәтижелер жинақталып, тұжырымдамалық қағидалар беріліп, білім беру практикасына енгізуге арналған ғылыми-әдістемелік ұсыныстар ұсынылған. Диссертация анықтамалар тізімін, кіріспені, екі мазмұндық тарауды, қорытындыны, пайдаланылған әдебиеттер тізімін және қосымшаларды қамтиды.
--	--	--

			Әрбір бөлімнің мазмұндық және әдіснамалық тұрғыдан бір-бірімен сабақтасуы жұмыстың ғылыми тұтастығын және логикалық жүйелілігін қамтамасыз етеді.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді		Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты – жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін дамытуға бағытталған сандық технологияларды қолданудың педагогикалық жүйесін негіздеу және әзірлеу. Бұл мақсат диссертациялық жұмыстың құрылымы мен мазмұндық логикасымен сабақтасып, зерттеу барысының тұтастығын қамтамасыз етеді. Қойылған міндеттер айқындылығымен, мазмұндық нақтылығымен және жүйелі қойылуымен ерекшеленеді. Олар зерттеудің барлық негізгі кезеңдерін – теориялық талдауды, педагогикалық модельді жобалауды, қажетті педагогикалық шарттарды әдістемелік тұрғыдан негіздеуді және тәжірибелік-эксперименттік тексеруді қамтиды. Әрбір міндет зерттеу логикасына толық сәйкес келеді және жұмыстың ғылыми бағыттылығын нақты айқындайды. Бұл мақсаттар мен міндеттердің өзара байланысын және зерттеу проблематикасына толық сәйкестігін көрсетеді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ		Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық толық байланысқан. «Жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін шет тілінде даярлаудағы сандық технологиялар» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу мазмұндық құрылымының жүйелілігімен және бөлімдер арасындағы логикалық сабақтастығымен ерекшеленеді. Әрбір бөлім келесі бөлімнің мазмұнын ашуға негіз болады, ал алынған ғылыми нәтижелер қойылған мақсат пен міндеттерді кезең-кезеңімен жүзеге асыруға бағытталған.
	4.5 Автор ұсынған жаңа		Автор ұсынған жаңа шешімдер

		шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	(қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған, сыни талдау бар. Зерттеушінің қол жеткізген нәтижелері теориялық пайымдаулардың, модельдік тұжырымдамалардың және тәжірибелік-эксперименттік материалдардың өзара үйлесімді байланысынан көрінеді. Жұмыста ұсынылған «Шет тілдік цифрландыру» жаппай ашық онлайн курсы мен «Digital Technologies for English Teachers» электронды оқу құралы зерттеудің логикалық жалғасын қамтамасыз етіп, оның практикалық мазмұнын күшейтеді. Бұл әзірлемелер диссертацияның ғылыми тұтастығын, құрылымдық үйлесімін және мақсатқа бағытталғандығын айқын сипаттайды.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңаболыптабылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа. Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңашылдық талаптарына толық жауап береді. Зерттеуде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің «цифрлық құзыреттілігін» қалыптастыруға қатысты теориялық категориялар қайта қарастырылып, олардың құрылымдық-мазмұндық сипаттамалары қазіргі білім беру үдерісінің талаптарына сай жаңаша интерпретацияланған. Автор алғаш рет сандық технологияларды қолдану негізінде цифрлық құзыреттілікті кезеңдік дамыту моделін ұсынып, оны жүзеге асыруға қажетті дидактикалық шарттарды ғылыми тұрғыдан негіздеп көрсетеді. Зерттеу шеңберінде әзірленген «Шет тілдік цифрландыру» жаппай ашық онлайн курсы мен «Digital Technologies for English Teachers» электронды оқу құралы – отандық жоғары білім беру жүйесінде алғаш рет ұсынылып отырған, құрылымдық жағынан тұжырымдалған инновациялық әдістемелік өнімдер. Бұл ресурстар цифрлық педагогика талаптарына сәйкес болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың тиімділігін арттыратын, тәжірибеде тексерілген және педагогикалық практикаға тікелей енгізуге болатын маңызды жаңалықтар қатарына жатады.

			Зерттеу нәтижелері теориялық пайымдарды кеңейтіп қана қоймай, педагогикалық тәжірибеге бағытталған қолданбалы жаңалықтарды да қамтиды, сондықтан олар педагогика ғылымының дамуында құнды үлес болып табылады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Ізденуші ұсынған зерттеу қорытындыларының ғылыми жаңашылдығы мен теориялық негізділігі толық дәлелденген және күмән тудырмайды. Диссертациялық жұмыс кең ауқымды теориялық дереккөздерге сүйеніп орындалған, онда отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне жүйелі түрде талдау жасалып, ғылыми ой-пікірлердің эволюциясы негізді ашып көрсетілген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Зерттеу нәтижелері автордың терең теориялық-әдіснамалық тұғырнамасына, тәжірибелік-эксперименттік зерттеулердің деректеріне, сондай-ақ «Шет тілдік цифрландыру» жаппай ашық онлайн курсы мен «Digital Technologies for English Teachers» электронды оқу құралының мазмұнына сүйене отырып ғылыми тұрғыдан дәйектелген. Автор ұсынған негізгі тұжырымдар бұрынғы еңбектерде жүйелі түрде қарастырылмаған жаңа идеяларды қамтиды және болашақ мұғалімдердің «цифрлық құзыреттілігін» тиімді қалыптастырудың заманауи жолдарын ұсынумен ерекшеленеді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыста жасалған қорытындылар ғылыми тұрғыдан терең әрі сенімді негізделген. Олар сапалық (qualitative) зерттеулердің әдістемелік талаптарына, сондай-ақ өнертану мен гуманитарлық ғылымдардың теориялық парадигмаларына толық сәйкес келеді. Бұл негізділіктің басты себебі — зерттеудің әдіснамалық негізінің мемлекеттік бағдарламаларға, салалық заңнамалық актілерге және қазіргі

			заманғы ғылыми-теориялық тұғырларға сәйкес құрылуы болып табылады. Автор қарастырылған мәселеге қатысты зерттеу деңгейін айқын атап көрсетіп, түрлі ғылыми көзқарастарды сын тұрғысынан сараптап, кешенді әдіснамалық тәсіл қолданған. Жасалған қорытындылар теориялық негіздермен және эмпирикалық дәлелдемелермен жүйелі түрде расталған, бұл зерттеу жұмысының ғылыми деңгейін және сенімділігін арттырады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	Бірінші қағидат дәлелденді, өйткені болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық негіздері, отандық және шетелдік тәсілдерді талдау жүзеге асырылған, «сандық технологиялар» және «болашақ ағылшын тілі мұғалімінің цифрлық құзыреттілігі» ұғымдарының авторлық анықтамалары ұсынылған. 7.2. Жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген. 7.3. Ия. Бірінші қағидат жаңа. 7.4. Кең. 7.5. Ия. Мақалада дәлелденген. Бірінші қағидат автордың жариялаған 9 еңбегінде, оның ішінде Scopus дерекқорына кіретін шетелдік басылымдағы 2 мақалада көрініс тапқан. 7.1. Екінші қағидат дәлелденді, өйткені болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін даярлауда тиімді тәжірибелерді қолдану бағыттарын анықтаған, педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың жүйеленген және бейімделген шетелдік тәжірибесі зерделенген. 7.2. Жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген. 7.3. Ия. Екінші қағидат жаңа. 7.4. Кең. 7.5. Ия. Екінші қағидат ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен ғылыми басылымдарда жарияланған 3

		мақалада дәлелденген. 7.1. Үшінші қағидат дәлелденді. Өйткені DigCompEdu еуропалық моделін қазақстандық контекстке бейімдеуге негізделген және оның құрылымын, деңгейлері мен компоненттерін көрсететін болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру моделі әзірленген. 7.2. Жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген. 7.3. Ия. Үшінші қағидат жаңа. 7.4. Кең. 7.5. Ия. Үшінші қағидат халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында жарияланған 2 мақалада дәлелденген. 7.1. Төртінші қағидат дәлелденді, өйткені университеттің білім беру процесінде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру процесінің тиімділігін қамтамасыз ететін педагогикалық жағдайлар айқындалған. 7.2. Жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген. 7.3. Ия. Төртінші қағидат жаңа. 7.4. Кең. 7.5. Ия. Төртінші қағидат халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында жарияланған 1 мақалада дәлелденген. 7.1. Бесінші қағидат дәлелденді, өйткені әзірленген педагогикалық модельдің тиімділігін және болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру шарттарын эксперименттік тексеру нәтижелері, мотивациялық, мазмұнды және ұйымдастырушылық компоненттер бойынша көрсеткіштердің оң динамикасы расталған. 7.2. Жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген. 7.3. Ия. Бесінші қағидат жаңа. 7.4. Кең. 7.5. Ия. Бесінші қағидат авторлық
--	--	---

			куәліктері бар 1 электронды оқу құралы және авторлық құқығы бар бағдарлама куәлігінде көрініс тапқан.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Зерттеуде қолданылған әдістер таңдалуы толық негізделген және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың бағдарламалық жоспарына нақты сәйкес жазылған. Мақсат пен міндеттерге сай талдау, синтез, моделдеу, сауалнама жүргізу, тестілеу, педагогикалық эксперимент, оқу үдерісін бақылау және математикалық статистика әдістері жан-жақты пайдаланылған. Әдіснамалық негіз ретінде шет тілін оқытудағы жаңа парадигмаға сәйкес құзыреттілік тәсілі алынып, оны зерттеу процесінде тиімді қолдану қамтамасыз етілген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы заманауи ғылыми әдістер мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану негізінде алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыста ұсынылған теориялық тұжырымдар мен педагогикалық модель нақты ғылыми негізде құрылып, тәжірибелік-эксперименттік зерттеулер арқылы сенімді түрде дәлелденген. Зерттеу барысында педагогтердің цифрлық құзыреттілігінің Еуропалық негіздемелік құжаты DigCompEdu, TRACK және SAMR сияқты цифрлық құзыреттердің халықаралық шеңберлері жан-жақты талданған. Тәжірибелік эксперимент Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің шетел тілі факультетінің «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 4 курс студенттері арасында жүргізілген. Эксперимент және бақылау топтары тең дәрежеде бөлініп, зерттеудің басы мен соңында әзірленген

			психологиялық-педагогикалық тестілеуден өткен. Осы педагогикалық эксперимент негізінде алынған ғылыми нәтижелердің сенімділігі және практикалық маңыздылығы расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін жеткілікті. Автор 311 әдебиетті қолданған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Диссертацияның теориялық маңызы бар, себебі зерттеу аясында «сандық технологиялар» және «болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігі» ұғымдарының мәні, мазмұны мен құрылымы нақты анықталды. Оған сүйене отырып, аталған құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық моделі әзірленіп, оның педагогикалық шарттары жүйелі түрде айқындалған. Автордың теориялық тұжырымдары отандық және халықаралық ғылыми көзқарастарға негізделіп, ғылыми тұрғыдан толық жүйеленген. Бұл зерттеу нәтижелері педагогикалық ғылым саласындағы тілдік құзыреттілік пен цифрлық оқыту мәселелеріне қатысты теориялық негізді айтарлықтай толықтырады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы зор және алынған нәтижелерді білім беру саласында қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу барысында әзірленген «Шет тілдік цифрландыру» жаппай ашық онлайн курсы мен «Digital Technologies for English Teachers» электронды оқу құралдары білім беру мекемелерінде енгізіліп, сәтті апробациядан өткен. Бұл нәтижелер оқу үдерісін жаңғыртуға және сапалы тілдік білім беруге бағытталғандықтан, олардың практикалық қолдану ауқымы кең әрі өзектілігі жоғары..
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу

		1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	нәтижелерін жоғары және арнайы орта білім беру ұйымдарында, жалпы білім беретін мектептерде, сондай-ақ мұғалімдердің біліктілігін арттыру институттарында кеңінен қолдануға мүмкіндік бар.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Зерттеу барысында ғылыми стиль мен академиялық талаптар толық сақталған. Тілдік бірізділік, логикалық құрылым және терминологиялық дәлдік тұрақты түрде қамтамасыз етілген. Автордың қазақ тіліндегі диссертациялық жұмысы мен ағылшын тіліндегі жарияланымдары ғылыми тіл жағынан анық, мазмұнды әрі дәлелді түрде ұсынылған.
11	Диссертацияға ескертулер	С.Т. Абдрахманованың диссертациялық зерттеуінің нәтижелерін оң бағалай отырып, дегенмен, кейбір төмендегідей ұсыныстарға тоқталған жөн: 1. Диссертациялық жұмыста «Болашақ ағылшын тілі мұғалімінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру педагогикалық моделі» (58 бет) ұсынылған, «Жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігінің моделін әзірлеу» (8 бет) зерттеу міндеттерінің қатарында белгіленген, зерттеу тақырыбы («Жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін шет тілінде даярлаудағы сандық технологиялар») шеңберінде «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасына енгізілген барлық пәндер бойынша (философия, әлеуметтану, психология, педагогика т.с.с.) да автор негіздеген жоғарыда аталған моделді қолданудың универсалды мүмкіндіктерін айқындау да сандық технологиялардың ғылыми және білімдік кеңістікті дамытуға ықпал етеді. 2. Диссертациялық жұмыс мәтіні қазақ тілінде рәсімделгендіктен, қазақ тілінің пунктуациялық белгілерінің қызметіне назар аударған да дұрыс болар еді.	
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі	Докторант диссертациялық зерттеу аясында 9 ғылыми мақала (Scopus халықаралық базасына енген ғылыми журналдарда – 2 мақала; Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдарда – 3 мақала; халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында – 4 мақала) жариялаған. Бұл жарияланымдар диссертациялық зерттеу тақырыбы мен мазмұнына толық сәйкес келеді. Жарияланымдардың сапасы мен саны PhD дәрежесін қорғау үшін белгіленген талаптарға толық сәйкес келеді және ғылыми қоғамдастықта зерттеудің нәтижелерін танытуға мүмкіндік береді.	
13	Қорытынды	Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің «8D01702 - Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін	

		дайындалған Абдрахманова Самал Туkenовнаның «Жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін шет тілінде даярлаудағы сандық технологиялар» атты диссертациялық жұмысы өте жоғары ғылыми деңгейде орындалған дербес зерттеу болып табылады және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Дәрежелерді беру қағидаларының» қойылатын талаптарына толық сәйкес келеді. Жоғарыда келтірілген мәліметтерге және диссертациялық жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығына сүйене отырып, Абдрахманова Самал Туkenовнаға «8D01702 - Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.
--	--	---

Ресми рецензент:

**Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
психология кафедрасының профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы**

Г.Ж. Менлибекова

Г.Ж. Менлибекова

